

Қ. Күдерінова^{1*}, Ж. Байтелиева², Ж. Дүйсебекова³

¹А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан

²Назарбаев университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

³Сулейман Демирель университеті, Алматы, Қазақстан

(e-mail: kuralai.kuderinova@gmail.com, zhbaiteliyeva@nu.edu.kz, zhainaguler@gmail.com)

Көптілді қазақ жастары және мемлекеттік тіл

Мақала қазіргі көп тілді білетін қазақ жастарының өз ана тілі — қазақ тілін қаншалықты қолданатынын анықтау мақсатында ұйымдастырылған сауалнама нәтижелерін талдау арқылы қазақ жастарының қазақ ауызша сөйлеу тіліне деген көзқарастарын анықтауды мақсат еткен. Осы мақсатқа жету үшін еліміздегі оқу тілі ағылшын тілінде жүргізілетін Назарбаев университеті мен Сулейман Демирель атындағы университет студенттерінен сауалнама алынды. Аталған екі жоғары оқу орнында оқитын қазақ жастарынан қазақ, орыс, ағылшын тілдерін қандай мақсатта, қандай деңгейде қолданатыны, қазақ тілінде жоғары деңгейде сөйлейтін қоғамдық тұлғалардың шаршысөздеріне көзқарастары қандай екенін және өз тілдерінің сапасын көтеруге деген ынтаниеттерін анықтайтын сауалнама ұйымдастырылып, сауалнама нәтижесіне сандық және сапалық талдау жүргізілді. Сонымен қатар, осы сауалнама барысы мен нәтижесіне сипаттама беріліп, зерттеу қорытындысы түйінделген.

Кілт сөздер: сауалнама, қазақ тілі, ауызша тіл, шешендік сөз, мемлекеттік тіл.

Kipicne

Елімізде бірнеше тілді жетік білетін көптілді [1] жастарымыздың қатары көбейіп келеді. Бұл үдерістің жағымды да, жағымсыз әсері бар. Көп тіл қолданыла бастаған ортада әр тілдің мәртебесін, міндетін, қолданысын қадағалау да қиындай түседі. Сондықтан оны бақылайтын, бағыт көрсететін нақты мемлекеттік деңгейдегі бағдарлама, жобалар жұмыс істеуі керектігі анық.

Тұңғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаев Қазақстанда үш тілді (қазақ, орыс, ағылшын) қолдану, енгізу туралы 2007 жылғы «Тілдердің үш тұғырлығы» атты мәдени жобасын ұсынды [2]. Осылайша, елімізде қазақ тілі — мемлекеттік тіл, орыс тілі — ұлтаралық қарым-қатынас тілі және ағылшын тілі — әлемдік экономикаға, әлемдік қауымдастыққа кірігуімізге қызмет ететін тіл болып саналады.

Республикада тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын [3] жүзеге асыру үшін оқу тілі — қазақ, орыс тілдерімен бірге ағылшын тілі болатын және ағылшын тілі негізгі оқу тілі болатын бірнеше мекемелер бар.

Жалпы, елімізде 7 429 мектеп бар. Оқушы саны — 3,4 млн. Ал жоғары оқу орындар саны — 129. Ондағы студент саны — 605 798 [4]. Осы оқу орындарының оқу тілі қай тіл деген сауалға жауап алу үшін ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми сайтынан мынадай мәліметтерді алдық [5].

Қазақ тіліндегі мектеп саны: 3792, оқушылар саны: 1 458 433.

Орыс тіліндегі мектеп саны: 1305, оқушылар саны: 403 927.

Өзбек тіліндегі мектеп саны: 12, оқушылар саны: 8 333

Ұйғыр тіліндегі мектеп саны: 11, оқушылар саны: 6 223

Аралас мектеп саны: 2271, оның қазақ тілінде оқитын оқушылар саны: 724 735; орыс тілінде: 644 106; өзбек тілінде: 76 166; ұйғыр тілінде: 9 740; тәжік тілінде: 3 731; ағылшын тілінде: 853; француз тілінде: 10.

Басқа тілде: 4, оқушылар саны: 1 526. Бұлардың барлығы 2019 жылғы мәліметтер. Өкінішке қарай, еліміздің жоғары оқу орындарындағы оқу тіліне қатысты мұндай статистикалық мәліметтер бұл сайтта берілмеген. Сонымен қатар жоғарыдағы статистикалық мәліметтерді алу барысында оқушылардың ұлты сұралмағанын ескеру қажет.

Сонымен, қазіргі таңда қазақ мектептері мен жоғары оқу орындарында оқитын жастар саны көп болғанымен жастардың, әсіресе қала жастарының сөйлеу тілі негізінен орысша, өзара орыс

тілінде сөйлеседі немесе орыс тілін қосып, шұбарлап сөйлейді. Ал ауылда тұратын жастар көбіне орыс тілінде сөйлей алмайды. Қате жазады. Қазақ тілін біршама жақсы біледі. Бірақ жастардың көбі ауылдан қалаға оқуға не жұмыс іздеп келіп, тұрақтап қалады. Сөйтіп, олар да қала жастарының шұбарланған тілін үйрене бастайды. Сонымен, біз болашағынан үлкен үміт күтетін, елдің ертеңін сеніп тапсыратын, ел басқаратын жастардың мемлекеттік тілді қаншалықты құрметтейтіні және орфоэпиясында нендей үдерістер жүріп жатқанын байқау үшін мақсатты түрде Назарбаев университеті (НУ) мен Сулейман Демирель атындағы университетте (СДУ) оқитын студенттерді зерттеу нысанымызға алдық.

Материалдар мен әдістері

Зерттеу жұмысы онлайн сауалнамаға негізделді. Алдымен Назарбаев университетінің этика комитетінен рұқсат алынды. Этика комитетінің талабына сәйкес, зерттеу тобының барлық мүшесі СІТІ курсынан өтті.

Сауалнама онлайн форматта Qualtrics платформасында алынды. Сауалнамаға НУ және СДУ университеттерінің бакалавриат студенттері тартылды. Себебі бұл университеттерде оқу тілі — ағылшын тілі болып есептеледі, сондықтан студенттер арасында түрлі тілдік контактінің көрінісін байқауға болады. Және осы университеттерді студенттердің қазақша сөйлеу тілінде байқалатын он және теріс үдерістердің тілдік, тілдік емес себептерін анықтауға айқын мысалдарды табуға болатын алаң деп санаймыз. Сауалнамаға тек университетте оқитын жастардың тартылу себебіне студенттердің сөйлеу тілінде қазақ шаршысөз мәдениетінің қалыптасу факторларының (макродеңгейдегі факторлар: сөйлеу тілінің стильдік бедері, идеология, БАҚ, өмір сүру салты, ауызша сөз мәдениетіне деген қажеттілік; микродеңгейдегі факторлар: субмәдениет, референтті топ, сөйлеу жағдаяты, білімі) барлығы көрініс табатындығын айтуға болады.

Сауалнамаға қатысқан студенттердің жалпы саны: 144. Жас ерекшелігі 18–25 жас аралығын қамтиды.

Сауалнаманың мақсаты — негізінен, білімді, таңдаулы көптілді жастар оқитын, Қазақстан республикасының таңдаулы оқу орындарының бірі НУ, СДУ студенттерінің қазақ ауызша тілін тұтыну мөлшерін, ниетін және ұсыныстарын білу, еліктейтін қазақтілді тұлғаларын анықтау, студенттердің шаршысөз тілін дамытудағы назар аударатын, басымдық беретін тұстарын болжау болды.

Сауалнама 18 сұрақтан тұрды. Студенттер сұрақтарға барынша шынайы жауап берді деп ойлаймыз. Өйткені сауалнама анонимді болды. Алдымен, қайда оқитыны сұралды. Бұл екі оқу орнын өзара салыстыру үшін қажет еді. Мәселеге ер бала мен қыз баланың жауап беруі мен көзқарасы маңызды болғандықтан, сауалнамада жынысы да сұралды. Жастардың қала не ауылда туып, өсуі, олардың қай тілді көп тұтынатындықтарын анықтауда маңызды фактор болғандықтан, бұл — сауалнамада сұралған келесі сұрақ болды. Жастардың еркін сөйлейтін тілі сұралды, оны білу мақсатында «қазақ, орыс, ағылшын және басқа» деген жауаптар ұсынылды. Сонымен қатар қазіргі таңда, оның үстіне пандемия уақытында әлеуметтік желілер барлық адамдардың көп уақыт өткізетін алаңына айналғандықтан жастардан әлеуметтік желілердегі жазатын, сөйлетін тілдері де сұралды.

Жазу мен сөйлеу өнімді сөйлеу әрекеттері болса, оқу мен тыңдау өнімсіз сөйлеу әрекеттеріне жатады [6]. Сондықтан жастардың қай тілдерде ақпаратты оқитыны және тыңдайтыны да сұралды.

Жастардың қазақ тілінің қазіргі жағдайына көзқарасын, қазақ тілінде сөйлейтін тұлғалардың сөзін қалай тыңдайтыны, олардың ішінде еліктейтін тұлғалары да сұралды. Жастардың ауызша қазақ тілін зерттеуде олардың қазақ тілін жақсартуға деген ниеті мен ұсыныстарын білу өте маңызды. Осыған орай, сауалнамада осындай мәліметтер де сұралды.

Сауалнамаға НУ-дан 105 бакалавриат студенті, СДУ-дан 39 бакалавриат студенті қатысты. Екі университеттен де қатысушылардың көп пайызын әйел жыныстылар алып отыр. НУ-да 105 студенттің 67-сі, СДУ-да 39 студенттің 29-ы әйел жыныстылар екені анықталды.

Келесі сұрақта студенттердің ауылдық не қалалық екендігі сұралды. Нәтижеде екі университет бойынша сауалнамаға көбі қалалық студенттер қатысқаны белгілі болды. Нақты айтсақ, НУ-дан 85, СДУ-дан 20 студент қалалық, ауылдық жерден келген студент НУ-да 12, СДУ-да 11. Ал ауданды

көрсеткендер саны НУ-да 6, СДУ-да 4 студент. Қалғандары «басқа» деген жауапты көрсетті. Олардың саны НУ-да 2, СДУ-да 4 студент.

Нәтижелер мен олардың талқылануы

Бұл бөлімде зерттеу нәтижелеріне сандық және сапалық талдау беріледі. Сандық нәтижелер мен сапалық қорытындылар әр санат бойынша дәйекті түрде ұсынылады.

«Қай тілде еркін сөйлейсіз?» деген сұраққа НУ студенттерінің 34,24 %-ы орыс тілін көрсеткен, ал 33,22 %-ы ағылшын тілін, 28,47 %-ы қазақ тілін, 4,07 %-ы басқа тілді көрсетіпті. СДУ студенттерінің ішінде қазақ және орыс тілінде еркін сөйлеймін деген студенттердің пайызы бірдей 31,19 %-ды көрсетсе, 25,69 %-ы ағылшын тілін, 11,93 %-ы басқа тілді көрсетіпті.

«Әлеуметтік желілерде көбіне қай тілде жазасыз немесе сөйлейсіз?» деген сұраққа НУ студенттерінің 74,29 %-ы орыс тілін, 13,33 %-ы қазақ тілін, ал 11,43 %-ы ағылшын тілі десе, 0,95 % -ы басқа тіл дегенді көрсетіпті. Осы сұраққа СДУ студенттерінің жауабы мынадай: қазақ және орыс тілін тең дәрежеде 46,15 % көрсетсе, 7,69 % студент ағылшын тілін белгілеген.

«Ақпараттық хабарларды көбіне қай тілде тыңдайсыз не оқисыз?» деген сауалға НУ студенттерінің 49,52 %-ы ақпаратты ағылшын-орыс тілінде тыңдайтындықтарын не оқитынын көрсетсе, 18,10 %-ы тек орыс тілінде, 17,14 %-ы қазақ-орыс тілінде тыңдап, оқитынын білдірді. Сонымен қатар 8,57 %-ы тек ағылшын тілі, 5,71 %-ы қазақ-ағылшын тілдерін көрсеткен. Респонденттердің 0,95 %-ы ғана тек қазақ тілінде ақпарат тыңдап не оқитынын көрсетті.

Сауалнама нәтижесінде СДУ студенттерінің көбі қазақ-орыс тілінде ақпарат алатыны анықталды, яғни, 33,33 %-ы. Ал 23,08 %-ы ағылшын-орыс тілінде оқып, тыңдаса, 17,95 %-ы орыс тілінде ғана ақпарат алады екен. Респонденттердің 15,38 %-ы тек қазақ тілінде ақпарат алса, 5,13 % -ы қазақ-ағылшын, 2,56 %-ы ағылшын тілін таңдаған.

«Қазақ тілінің қазіргі жағдайына қалай қарайсыз?» деген сауалға НУ студенттерінің арасында «Қалай көтерудің жолын қарастырайық» деген жауап 40 %-ды құрады, «Қазақ тілінің беделін көтеру керек» деген жауап 38,10 % болды. «Жаным ауырады» дегендер 10,48 % болса, «Маған бәрібір» деген жауап 9,52 %-ды көрсетті. Қалған 1,90 %-ы жауап бергісі келмейтінін көрсеткен.

Осы сұраққа СДУ университеті студенттерінің жауабына келсек, 52,63 %-ы «Қазақ тілінің беделін көтеру керек» деген жауапты көрсетіпті. 34,21 %-ы «Қалай көтерудің жолын қарастырайық» деген жауапты таңдаған. «Жаным ауырады» және «Жауап бергім келмейді» дегенді таңдағандар бірдей 5,26 %-ды көрсетті. Ал ең төменгі көрсеткішті 2,63 %-бен «Маған бәрібір» деген жауап алды.

«Қазақ тілінде жақсы сөйлейтіндерге қызығасыз ба?» деген сұраққа НУ студенттерінің 68,57 %-ы қызығамын десе, 16,19 %-ы «мән бермеппін» деп, 13,33 %-ы «қызықпаймын» деген жауапты таңдаған. 1,90 %-ы жауап бергісі келмеген.

Осы сұраққа СДУ студенттерінің 73,68 %-ы қызығамын десе, «мән бермеппін» және «қызықпаймын» деген жауапты таңдағандары пайызы бірдей 4 %-ды көрсетті. «Жауап бергім келмейді» дегендер 2 %-ды құрады. «Жақсы сөйлейтіндер жоқ сияқты» деген жауапты екі университеттен де ешкім таңдамаған.

«Қазақ тіліңізді одан ары жақсартқыңыз келе ме?» деген сұраққа НУ студенттерінің 44,76 %-ы «Жақсы сөйлеймін» деген жауапты таңдаса, 37,14 %-ы «Жақсарту үшін не істеуім керек екенін білмеймін» дегенді таңдаған. Студенттердің 7,62 % «қажет емес деп ойлаймын» дегенді көрсеткен, ал жауап бергісі келмегендер 6,67 % құрайды. «Осы жетеді» деген жауапты таңдағандардың көрсеткіші 3,81 % болды.

Енді СДУ студенттерінің жауабына келсек, көбі «жақсы сөйлеймін» дегенді жауапты таңдап, 68,42 %-ды құрады. Ал «Жақсарту үшін не істеуім керек екенін білмеймін» деген студенттер 21,05 %-ды алды. «Осы жетеді» және «қажет емес деп ойлаймын» деген категориядағылар 5,26 %-ды көрсетті.

«Қазақ тілінде сөйлеп жатқан тұлғалардың сөзін ұйып тыңдайсыз ба?» сауалына НУ студенттерінің жауабы мынадай көрсеткіштерді берді: 65,71 % «соңына дейін тыңдаймын», 12,38 % «жауап бергім келмейді», 10,48 % «тыңдағым келеді, бірақ көбін түсінбеймін», 6,67 % «шыдамым жетпейді», 4,76 % «жақсы сөйлейтіндерді кездестірмедім».

Осы сұраққа СДУ студенттерінің жауабы былай: 64,86 % «соңына дейін тыңдаймын»; «шыдамым жетпейді» мен «жауап бергім келмейді» дегендер бірдей 13,51 %; 5,41 % «жақсы сөйлейтіндерді кездестірмедім» десе, 2,71 % «тыңдағым келеді, бірақ көбін түсінбеймін» депті.

«Сізге қазіргі қазақша сөйлейтіндердің сөзінен не ұнамайды? Сізге ұнамайтындар бірнеше болса, әрқайсысының тұсын белгілеңіз» деген сұраққа екі университет студенттерінің берген жауаптары мынадай:

НУ студенттері арасында «Шұбалаңқы сөйлейді» дегенді таңдағандар 26,78 %, «Қате сөйлейді» деген жауапты таңдаушылар 21,86 % болды. Одан кейін «Түсініксіз сөйлейді» жауабын таңдағандар көп екен, олар 16,94 % құрады. «Тағы басқа» жауабын 13,11 % көрсетті, «Ұзақ сөйлейді» деушілер 10,93 %, «Логикасы жоқ» дегендер 10,38 % құрады.

СДУ студенттері арасында «Қате сөйлейді» деген жауапты таңдаушылар 27,78 % болып, ең жоғары көрсеткішті берді. «Шұбалаңқы сөйлейді» дегенді таңдағандар 26,39 % болды. Одан кейін «Ұзақ сөйлейді» деушілер 13,89 %, «Түсініксіз сөйлейді» жауабын таңдағандар 13,88 % екен. «Тағы басқа» жауабын 11,11 % көрсетті, «Логикасы жоқ» дегендер 6,94 % құрады.

«Сіз еліктейтін қоғамдық тұлғалар, «жұлдыздар» бар ма? Егер болса, олардың аты-жөнін жазуыңызды өтінеміз» деген сұраққа берілген НУ студенттерінің жауаптары:

«Жоқ» дегендер саны — он төрт студент.

«Ешкімге еліктемеймін» деушілер — үш студент. Қалған студенттер өздері еліктейтін тұлғалардың аттарын жазған. Берілген тұлғалар мен жұлдыздардың ішінде көп студент еліктейтін тұлға не жұлдыз есімін таба алмадық. Ең көбі төрт студент қазіргі уақытта әлемге танымал бола бастаған әнші Димаш Құдайбергенді атапты. Одан кейін екі студент бизнесмен Марғұлан Сейсенбаевты жазған.

Осы сұраққа СДУ студенттерінің жауабы: «Жоқ» дегендер саны төрт студент. «Ешкімге еліктемеймін» деп бір студент жауап берген. Қалған студенттердің еліктейтін тұлғаларының есімін берген. Бұл университетте де үш студент Димаш Құдайбергенге еліктейтінін көрсетіпті.

«Саясаткерлер, қоғам қайраткерлері, өнер адамдарының арасынан сіз үшін қазақ тілі үлгі болатын тұлғалар бар ма? Егер болса, олардың аты-жөнін жазуыңызды өтінеміз» деген сұраққа берілген жауаптарда НУ студенттерінің арасында «Жоқ» дегендер саны он студент, СДУ–дан бір студент осы жауапты таңдаған. Үлгі болатын тұлғаларына мынадай есімдерді жазған: әнші Димаш Құдайбергеновті — 5 студент, президент Қасым-Жомарт Тоқаевты — 3 студент, ақын Мұхтар Шахановты — 2, журналист Тимур Балымбетовті — 2, бизнесмен Марғұлан Сейсенбайды — 2, «91тобын» — 2 студент көрсеткен.

СДУ студенттері көрсеткен тұлғалар: ақын Мұхтар Шахановты — 3 студент, саясаткер Бекболат Тілеуханды — 3 студент, әнші Қарақат Әбділдинаны — 2 студент көрсетіпті. Қалған тұлғалар бір-бірден аталған. Олар — журналистер, әншілер, бизнесмендер, жазушылар, т.б.

«Ол тұлғалардың сөзі несімен ұнайды?» сұрағына НУ студенттерінің жауабы мынадай болды:

«Анық, нақты сөйлейді» деген жауапты таңдағандар 24,87 % құраса, келесі орынды 20,30 %–бен «Таза қазақ тілінде сөйлейді» деген жауап алды. Дауыс тоны жақсы деушілер 14,72 %, «шешен сөйлейді» дегенді таңдағандар 13,20 %–ды құрады. Интонациясы ұнайды дегендер 11,17 %. «Басқа» дегенді көрсеткендер 9,14 % болса, ұзақ сөйлеп жалықтырмайды дегендер 6,60 %–ны құрады.

Осы сауалға СДУ студенттерінің арасында ең көп пайызды «Анық, нақты сөйлейді» деген жауап 26,09 %–бен алды. Келесі орынды 17,39 %–бен «Таза қазақ тілінде сөйлейді» деген жауап алды. Интонациясы ұнайды дегендер 16,30 %–ды құраса, «шешен сөйлейді» дегенді таңдағандар 14,13 %– құрады. «Дауыс тоны жақсы» жауабын таңдағандар пайызы 13,04 %, ұзақ сөйлеп жалықтырмайды деушілер 8,70 %, «басқа» жауабын таңдаушылар 4,35 %–ын құрады.

«Өз ортаңызда үлгі сөзге ие адам бар ма?» деген сауалға НУ студенттерінің 62,14 %–ы «бар» десе, 27,18 %–ы «жоқ» деген жауапты таңдаған. Ал 10,68 % «жауап бергім келмейді» деген.

СДУ студенттерінің 88,89 % «бар» десе, 5,56 % «жоқ» деген жауапты таңдаған. 5,56 % «жауап бергім келмейді» депті.

«Қазақ тіліңіздің деңгейін көтеру үшін сізге қандай көмек керек?» деген келесі сұраққа екі университет студенттерінің берген жауаптары мынадай (жауаптардың стилі жөнделмей беріліп отыр):

«Ораторское искусство» сияқты қазақша клубтар ұйымдастыру қажет сияқты. Орысшадан/ағылшыншадан енген, ауызекі сөйлеуде ең жиі қолданылатын сөздердің (уже, короче, вообще) қазақша аудармалары болса.

Қазақ тілін еркін білемін, бірақ шешен сөйлеуім үшін тұрақты тіркестер, жай тіркестерді үйренгім келеді.

Телефонға қосымша, қызықты кітаптар қажет.

Мен бұл тілден пайда көруім керек. Ал қазір қазақ тілін үйренгеннен орыс тілін үйренген көбірек пайда әкеледі.

Практика керек. Отбасымның, достарымның арасында қазақша сөйлеген адамдар аз. Орысша ойлағандықтан орысша сөйлеу де ыңғайлау, сондықтан қазақ тілін онша пайдаланбаймын.

Әртүрлі upper-intermediate level үшін көбірек оқулықтар керек, және галамторда қазақ тілінде шығарылатын контенттің мөлшерін арттыру керек.

Қазақ тілін үйрететін мұғалімдер қазақ тілін білмейтін балаларға мейрімдірек болу керек, оларға дауыс көтермеу қажет.

Мен үшін қазақ тілінде кітаптар, романдар таңдау қиын. Оларды тезін kitap.kz сайтынан табуға болатынын білемін, алайда галамтор желісінде қазақ әдебиеті туралы ақпарат аз, мысалы, рецензиялар немесе қысқаша мазмұндамасы және т.б. болса жақсы болар еді.

Қазақ тілін үнемі қолданатын ортаны құрастыру керек, өйткені мен сөйлеу дағдыларын дамытқым келеді, әсіресе күнделікті тақырыптар туралы.

Тілді қажетсіз сөздерден тазартқым келеді. Қазақ тілінде сөйлемдерді түрлендіре, күрделендіре береміз. Қазақ тілін мен көбінесе шоу индустрида және әдебиет саласында кездестіремін және бұл жағдай мен үшін қазақ тілдің деңгейін қолдану аясын шектейді. Қазақ тілі ғылымда, бизнесте және шетел фильмдерде жақсы дубляж үшін көбірек қолданылу керек.

Көбірек әдебиет оқу керек, мүмкін болашақта әдебиетке қатысты курстар алып көремін.

Шет тілдегі кітаптарды көбірек қазақшаға аударса екен.

Мен қызығатын контентті қазақша көргім келеді.

Қазақ тілінде жазылған әрі заман талабына сай келетін әдебиет, онлайн журналдар және YouTube-тағы бағдарламалар қажет деп ойлаймын.

Қазақ тілінде заманға сай контент болса мен оны көбірек қарап, тіл деңгейін дамыта алушы едім. Сол үшін мен осындай қазақ тілінде жүргізілетін қызық бағдарламалардың саны өсуін қалаймын. Тағы осы мен ағылшын тілін үйренгенде көптеген оңай әрі қызық *checklist for grammar, guidebooks for using adjectives and vocabulary etc.* және осындай да ресурстар шыға берсе қазақ тілінде мен қуанар едім.

Үнемі қазақ тілде сөйлеуді талап ететін курстар/сабақтар керек.

Менің ана тілім болғандықтан, еркін сөйлеймін. Шешен сөйлеуді үйренгім келеді.

Қазақша контент көп болуы керек.

Қазақша кітаптарды, кино немесе мәліметтерге деген қызығушылықты арттыруға жағдай жасау қажет.

Қазақша контентті көтеру керек және мемлекеттік жалғыз тіл ретінде саналуы тиіс.

Барлық жерде тұтынушыларға қазақша қызмет жүргізілсе, ресми іс-қағаздар қазақша болса деймін.

«Адамдармен ауызша қарым-қатынаста сіз үшін ең қиыны не?» дегенге НУ студенттерінің көбі «ойымды толық, дұрыс жеткізу» депті, оның көрсеткіші 56,86 % құрады. 17,65 % «сөз бастау» десе, 11,76 % «сөз өрбіту» дегенді таңдады. Қалған 13,73 % «басқа» деген жауапты көрсетіпті. СДУ университетінің студенттерінің де көбі «ойымды толық, дұрыс жеткізу» депті, олардың пайызы 33,33 % құрады. Дегенмен 27,78 % «басқа» жауабын таңдаған. 22,22 % сөз бастауды көрсетсе, 16,67 % «сөз өрбіту» дейді.

«Ауызша сөз саптау білігіңізді сипаттаңыз (бірнеше нұсқаны көрсетуге болады)» деген сұраққа НУ студенттерінің жауабы мынадай: 39,84 % еркін сөйлеймін дейді, 31,25 % сенімсіз сөйлеймін деген жауапты таңдаған. 21,88 % қысқа қайырамын десе, 7,03 % «басқа» жауабын таңдаған.

СДУ студенттерінің 72,09 % еркін сөйлейтінін белгілесе, 13,95 % қысқа қайырамын депті. Сенімсіз сөйлейтіндер 9,30 %, 4,65 % «басқа» жауабын таңдаған.

Қазіргі таңда қазақ жастарының тілі, ауызша тілдің құрылымдық жүйесіне қатысты зерттеулер әр аспектіден тұрақты түрде жүргізілуде. Атап айтар болсақ, З. Бейсенбаеваның «Тіл мәдениеті» [7], З. Бейсенбайқызының «Сөз мәдениетінің негіздері» [8] еңбектерінде қазіргі қазақ ауызша тіліндегі қолданыстар және тенденциялар туралы бірқатар тың ақпараттар беріліп өтеді. Ал Ә. Әлметова [9], Д. Әлкебаева [10], З. Абдулжанова [11], Қ. Айтмұхаметова [12] секілді ғалымдардың зерттеулері ауызша сөз мәдениетін теориялық тұрғыдан толықтырып отырған еңбектердің ішінен табылып отыр. Сонымен қатар ауызша сөз мәдениетін шешендіктану саласымен байланыстыра зерттеген ғалымдар да аз емес. Мысалы: Ж. Дәулетбекова [13], А. Қыдыршаев [14], А. Жапбаров [15], М. Құдайбергенова [16], М. Әжіғалиев [17], Ж. Абилхайрова [18], А. Игінісова [19], Г. Чукенаева [20] т.б. сияқты ғалымдардың зерттеулерін атауға болады. Әсіресе, Г. Чукенаеваның диссертациялық жұмысында студенттердің сөйлеу тіліне (ауызша, жазбаша) жан-жақты талдау жүргізілген. Сонымен қатар, зерттеу тақырыбымызға тікелей қатысы бар еңбек Ж. Дүйсебекованың «Ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы филолог–студенттердің сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі» [21] диссертациялық жұмысы мен «Сөз мәдениеті және педагогикалық дискурс» [22] атты монографиясы болып табылады. Онда қазақ жастар тілінің ауызша тілі теориялық негізі жан-жақты қаралып, әдістемелік тұрғыдан қуатталған.

Алайда жастардың қазақ ауызша тілін тұтыну мөлшерін, ниетін және ұсыныстарын білу, еліктейтін қазақтілді тұлғаларын анықтау, студенттердің шаршысөз тілін дамытудағы назар аударатын, басымдық беретін тұстарын болжау мақсатында жүргізілген осы зерттеу бізге осы уақытқа дейін ғылыми тұрғыда қарастырылмаған деректерді көрсетті. Сауалнамаға қатысушылардың дені қыздар болды. Бұл ұлдарға қарағанда қыздардың қазіргі таңда шаршысөз алдында сөйлеуге деген қызығушылығы мен белсенділігінің жоғары екенін көрсетеді.

Жалпы осы екі университеттен сауалнамаға қатысқан студенттердің мамандығы туралы да айтып өткен дұрыс деп ойлаймыз. Себебі кей мамандықты қалалықтар көп таңдайды, кей мамандыққа ауылдықтар көп түседі. НУ–дағы сауалнамаға School of Sciences and Humanities мектебінің бакалавриат студенттері қатысты. Бұл мектепте мынадай мамандық иелері оқиды: биология, математика, физика, антропология, саясаттану, әлем тілдері, философия. Ал SDU–дан педагогика факультетінің бакалавриат студенттері қатысты. Педагогикалық мамандықтарды қала балалары көп таңдай бермейді, керісінше ауылдық балалар осында келеді. Сондықтан да сауалнамаға екі университеттен де қалалық балалар көп қатысқанымен, ауылдық балалар саны НУ–да 12, СДУ–да 11 екенін көре аламыз. Бұл мамандықтарға қатысты шыққан қорытынды көрсеткіш деп тұжырымдаймыз.

НУ–ға түсетін студенттердің ағылшын тілі жақсы, себебі мұнда оқу тілі — ағылшын тілі. Сондықтан да университетте доминант тіл қызметіндегі ағылшын тілі олардың еркін сөйлейтін тіліне айналғанын көрсетеді. Ал СДУ–де оқу тілі ағылшын тілі болғанымен, кей педагогикалық мамандықтардың оқу тілі — қазақ тілі. Сонымен қатар біз сауалнаманы осы факультеттен алғандықтан еркін білетін тілі ретінде көбі қазақ және орыс тілін көрсетіп отыр деуге болады. Егер басқа мамандықтар да сауалнамаға қатысса, бұл жерден басқаша картинаны көруіміз мүмкін.

Зерттеу қорытындысы қазіргі жастардың әлеуметтік желілердегі өмірінде орыс тілінің коммуникативтік қызметінің жоғары екенін көрсетті. Ал қазақ тілін СДУ студенттері орыс тілімен қатар қолданса, НУ студенттері өте сирек қолданатыны байқалды. Яғни, НУ студенттерінің әлеуметтік ортада қазақ тілін қолдануы өте төмен. Ағылшын тілі туралы статистикаға қарасақ, НУ студенттері ағылшын тілін еркін білсе де, оны коммуникацияда қолдануы аз екені байқалды, яғни, ағылшын тілін әзірге академиялық білім алу мақсатында ғана қолдануда деуге болады.

Сондай-ақ сауалнама нәтижесі ақпарат алуда НУ студенттерінің көбі ағылшын не орыс тілін таңдайтынын анықтады. НУ халықаралық университет болғандықтан мұндағы студенттер түрлі әлемдік деңгейде ақпарат таратушы орталықтарды біледі және солардың ақпаратын сенімді деп қабылдайды. Және қазақ тіліндегі ақпараттарды өте аз студенттің тыңдап не оқитынын білдік. Мүмкін, студенттер қазақ тілді ақпараттарға сенімсіздікпен қарайтын шығар. Мұндай тұжырымға осы студенттердің сыни (критическое) ойлауының жоғары екендігі әкелді. Себебі НУ–ға оқуға қабылданар кезде бұл басты талаптың біріне кіреді. Ал СДУ студенттерінің көп бөлігі қазақ және орыс тілінде ақпарат алады екен. Одан кейінгі орында ағылшын, орыс тіліндегі ақпарат көздерін оқып, тыңдайтыны анықталды. Келесі көп пайызды орыс тілінде ақпарат алушылар алса, төртінші орында қазақ тілінде ғана ақпарат алушылар саны алды. НУ студенттерінен ақпаратты алуда ең төмен көрсеткішті қазақ тілі алса, СДУ–да ағылшын тілі болып тұр. Бұл жерде мамандықтары басты фактор болып отыр.

Респонденттердің жауабына қарап, қазіргі қазақ тілінің жағдайы жастарды ойландыратыны анық байқалды. Себебі екі университеттің студенттерінің көбі қазақ тілінің беделін көтеру мен оны қалай көтерудің жолын қарастыруды таңдаған.

Респонденттердің жауабы қазіргі жастардың қазақ тілінде сөйлейтіндерге деген қызығушылықтарының жоғары екенін көрсетті. Сонымен қатар қызықпайтындардың, мән бермейтіндердің саны бір-біріне жақын болды. «Жақсы сөйлейтіндер жоқ сияқты» деген жауапты екі университеттен де ешкімнің таңдамауы, қазақша жақсы сөйлейтіндердің бар екенін және оған олардың қызығатындарын анық көрсетіп тұр.

Екі университет студенттерінің де қазақ тілін жақсартуға деген ниеті басым шыққаны сауалнаманың ең басты және жағымды нәтижесі деп бағалаймыз. Яғни, қазақ тілінде жақсы сөйлейтіндер мен тілін одан ары жақсартқысы келетіндер, соның жолын іздеген жастардың көп екені үмітімізді оятып, сенімімізді арттырды.

Сонымен бірге екі университетте де қазақ тілінде сөйлейтін тұлғаларды ұйып тыңдайтындар саны көп екені анықталды. «Тыңдағым келеді, бірақ көбін түсінбеймін» деген сұраққа НУ студенттерінің пайызы СДУ–мен салыстырғанда біршама жоғары көрінді.

Жастардың қазіргі қазақ тілінде сөйлейтіндердің тілінен нені ұнатпайтындықтары да өте ұқсас шықты. Көбі қазақша сөйлейтіндердің «шұбалаңқы» және «қате сөйлейтінін» көрсетеді. Ең аз көрсеткіш — «логикасыз сөйлейді» деген ой.

Екі университет студенттерінің өздеріне ұнайтын тұлғалардың сөзінен не ұнайтыны сұралғанда, көп таңдаған жауабы «Анық, нақты сөйлейді» деген жауап болды. Яғни, студенттер үшін бұл маңызды, оларға ақпараттың неғұрлым анық, нақты берілгені дұрыс. Келесі көп респонденттің жауабы екі университет бойынша да «Таза қазақ тілінде сөйлейді» болды. Бұл жерде жастарға басқа тілдің сөздерін қосып сөйлеудің ұнамайтыны анық көрінеді.

Екі университет студенттері үшін адамдармен ауызша қарым-қатынаста ең қиыны «ойын толық, дұрыс жеткізе алмайтындықтары» екен. Бірақ өздерінің қазақша ауызша сөйлеу тілін бағалағанда «еркін сөйлеймін» деген жауапты таңдағандар көп пайызды алды. Сонда еркін сөйлей алғанымен ойын толық, дұрыс жеткізу олар үшін қиындық тудыратыны ерекше назар аударатын факт деп бағалап отырмыз. Сонымен қатар НУ студенттерінің ішінде тағы бір көп жауапты «сенімсіз сөйлеймін» деушілер алды. Бұның себебі осы университетте доминант тіл ағылшын болуынан деп ойлаймыз, ал СДУ студенттерінің арасында бұл жауапты таңдағандар пайызы мұндай көп емес, оның орнына «Қысқа қайырамын» дегендер көптеу болды.

Алдағы зерттеу жоспарында студенттердің ауызша сөйлеу тіліндегі ерекшеліктерді айқындау мақсаты бар. Негізгі түйіндерді сол зерттеуді біріктіре отырып жасаймыз. Ал әзірге мыналарды көрсете аламыз: 1) орыс не ағылшын тілді қазақ жастарының дені қазақ тілінің мәртебесін көтеруге ынталы; 2) жастардың қазақ тіліндегі шаршысөздерін жетілдіру жолдары мен әдістері шұғыл түрде қолға алынып, мемлекеттік деңгейде қарастырылуы қажет; 3) жастардың қазақ тілі тек қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде қадағалануы аздық етеді; 4) жастардың қазақ тілі орта білім мен жоғары оқу орындарында оқытылатын барлық басқа пәндерде де басты назарға алынып отыруы қажет; 5) қазақ жастарының еліктейтін тұлғалары негізінен өзімен құрдас, не замандас әншілер, актерлер, вайнерлер, блогерлер болғандықтан осы қатардың қазақша сөйлеу тілін рецензиялауды ұйымдастыру қажет.

Қорытынды

Қазақ халқы сөзді, сөйлеуді өнер деп таныған, жай әңгіменің өзін майын тамызып айтқан, әзіл, дөп тигізіп айту, шебер де шешен сөйлеу, өткір де тауып сөйлеу, жатық та, еркін сөйлеу, қарапайым сөйлеудің өзін ритмге құрып айту, ойын ашық және нақты айту, әуезді де әсем тілмен сөйлеген халық болған. Тәуелсіздік алғанымызға биыл 30 жыл болса да, қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болса да, тек міндетті орындарда сөйленетін, көп жағдайда орыс тіліне орын беретін тілге айналып отыр. Бұны көріп, сезініп отырған жас ұрпақ қазақ тілінің болашағына күдікпен де қарай бастады. Өз тілдері жасанды, орыс не ағылшын тілінен калькалап сөйлейтін болғандықтан, теледидар мен ғаламтордан естігендері де аударма қазақ тілі, ұлттық тілдің құрылымы мен стилі бұзылған тіл болғандықтан орыс не ағылшын тілінде сөйлеп, ақпарат алуға, білім алуға көндіккен, басқа жол іздемей, мойындаған.

Бірақ соған қарамастан, жүргізілген сауалнама қуанышты жағдайды көрсетті: қазақ жастары қазақ тілінің тағдырына алаңдаулы екен, бейтарап емес, студенттердің көбі қазақ тілінің беделін көтеру мен оны қалай көтерудің жолын қарастырғысы келеді. Қазақ жастарының тіліне көмек керек

екені белгілі болды. Бұл зерттеушілер үшін күтпеген нәтиже еді. Жастардың шаршасыз тілін қалпына келтіру, дамыту, жетілдіру — бұл тілдің болашақтағы тағдырын айқындайды. Сондықтан зерттеуіміздің келесі сатыларында осы мақсатта жұмыс істейтініміз айқындалып отыр.

Алғыс айту

Осы зерттеуді жүргізуге мүмкіндік берген Назарбаев университетіне және сауалнамаға қатысқан респонденттерге алғыс білдіреміз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / Құраст.: Ш. Құрманбайұлы, С. Исақова, Б. Мизамхан, Г. Әлімбек, Г. Мамырбекова, Д. Боранбаев. — Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. — 596 б.
- 2 Назарбаев Н.Ә. Болашақтың іргесін бірге қалаймыз! Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы (Астана қ., 2011 жыл, 28 қаңтар) [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30929724#pos=4;-106
- 3 Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1000001128>
- 4 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің сайты [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/activities/272?lang=kk>
- 5 Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: <https://stat.gov.kz/>
- 6 Pachler, N. (2002). Teaching modern foreign languages at advanced level. Routledge, 1 November. — 376 p.
- 7 Бейсенбаева З. Тіл мәдениеті: оқу құралы / З. Бейсенбаева, Н. Уәлиев, Ж. Исмаилова, М. Қанабекова, Г. Қайдарова. — Алматы: Print-S, 2005. — 111 б.
- 8 Бейсенбайқызы З. Сөз мәдениетінің негіздері / З. Бейсенбайқызы. — Алматы, 2007. — 160 б.
- 9 Әлметова Ә. Сұхбаттасу мәдениеті / Ә. Әлметова. — Алматы: Толағай, 2007. — 316 б.
- 10 Әлкебаева Д. Сөз мәдениеті: оқу құралы / Д. Әлкебаева. — Алматы: Қазақ университеті, 2014. — 214 б.
- 11 Абдулжанова З. Ауызша тілдегі тілдік бірліктердің қатысымдық сипаты: филос. докторы (PhD) ғыл... дис. 15.00.03. / З. Абдулжанова. — Алматы, 2014. — 150 б.
- 12 Айтмұхаметова Қ. Институционалды коммуникация: дәрігер-науқас (сөз мәдениеті аспектісі): филол. ғыл. канд. ... дис.: 10.02.02 – қазақ тілі / Қ. Айтмұхаметова. — Алматы, 2003. — 135 б.
- 13 Дәулетбекова Ж. Сөз мәдениетін оқыту: ғылым мен білім тоғысында / Ж. Дәулетбекова. — Алматы: «РАДиАЛ» баспасы, 2007. — 216 б.
- 14 Қыдыршаев А. Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (жоғары оқу орындарының гуманитарлық бөлімдері бойынша): пед. ғыл. канд. ... дис. / А. Қыдыршаев — Алматы, 2001. — 293 б.
- 15 Жапбаров А. Қазақ тілін оқыту арқылы тіл дамытудың әдіснамалық және әдістемелік негіздері (V–IX сыныптар): пед. ғыл. д-ры ... дис.: 13.00.02 – оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі / А. Жапбаров. — Алматы, 2004. — 332 б.
- 16 Құдайбергенова М. 10-сынып оқушыларының сөйлеу мәдениетін қалыптастыра оқытудың әдістемесі (қоғамдық-гуманитарлық бағыты): пед. ғыл. канд... автореф.: 13.00.02 – оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі / М. Құдайбергенова. — Көкшетау, 2010. — 23 б.
- 17 Әжіғалиев М. Жоғары оқу орындарында «Педагогикалық шешендіктану» курсының оқытудың әдістемелік жүйесі: пед. ғыл. канд. ... автореф.: 13.00.02 – оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі / М. Әжіғалиев — Көкшетау, 2010. — 24 б.
- 18 Абилхаирова Ж. Филолог-студенттердің тіл мәдениетін жетілдіру әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... дис.: 13.00.02 — оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі / Ж. Абилхаирова. — Алматы, 2010. — 132 б.
- 19 Игісінова А. Мектеп оқушыларының сөз мәдениеті / А. Игісінова. — Алматы, 2001. — 160 б.
- 20 Чукенаева Г. Лингвоэкологияны жоғары оқу орындарында оқыту әдістемесі: филос. док. (PhD) ... дис.: 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті / Г. Чукенаева. — Талдықорған, 2018. — 197 б.
- 21 Дүйсебекова Ж.М. Ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы филолог-студенттердің сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі: филос. (PhD) ғыл. ... дис.: 6D011700 — Қазақ тілі мен әдебиеті / Ж. Дүйсебекова. — Алматы, 2019. — 190 б.
- 22 Дүйсебекова Ж. Сөз мәдениеті және педагогикалық дискурс / Ж. Дүйсебекова. — Алматы: «Зиялы» баспасы, 2020. — 186 б.

К. Кудеринова, Ж. Байтелиева, Ж. Дүйсебекова

Многоязычная казахская молодежь и государственный язык

Целью статьи является определение отношения молодежи Казахстана к казахскому языку путем анализа результатов опроса, проведенного для определения степени использования современной многоязычной казахской молодежью своего родного языка — казахского. Для достижения цели были оп-

рошены студенты Назарбаев Университета и Университета Сулеймана Демиреля, где языком обучения является английский. Опрос был проведен среди студентов названных вузов для определения уровня использования казахского, русского и английского языков и их отношения к выступлениям казахоязычных общественных деятелей и степени их желания совершенствовать навыки родного языка. В настоящей статье представлены процесс и результаты проведенного опроса, а также обобщены результаты исследования.

Ключевые слова: опрос, казахский язык, устная речь, ораторское искусство, государственный язык, результаты опроса.

K. Kuderinova, Zh. Baiteliyeva, Zh. Duisebekova

Multilingual Kazakhstani youth and the state language

The aim of the article is to examine the attitudes of young people of Kazakhstan to the Kazakh language by analyzing the results of a survey conducted to determine the extent to which modern multilingual Kazakhstani youth use their native language — Kazakh. A survey for students of Nazarbayev University and Suleyman Demirel University, where the language of instruction is English, was conducted to determine the goal and level of the use of Kazakh, Russian and English, their attitude to the speech of high-ranking Kazakh-speaking public figures and the extent of their desire to improve the quality of the native language. This article describes the process and results of this survey, as well as summarizes the research results.

Keywords: questionnaire, Kazakh language, oral speech, oratory, official language.

References

- 1 Qurmanbaiuly, Sh., Isaqova, S., Mizamkhan, V., Alimbek, G., Mamyrvokova G., & Boranbaev D. (Eds.). (2019). *Qazaq tilining kirme sozder sozdigi [Dictionary of borrowed words of the Kazakh language]*. Almaty: «Ultyq audarma biurosy» qogamdyq qory [in Kazakh].
- 2 Nazarbayev, N.A. (2011). Bolashaqtyn irgesin birge qalaimyz! Qazaqstan Respublikasynyn Prezidenti N.A. Nazarbayevtin khalyqqa Zholdauy (Astana q., 2011 zhyl, 28 qantar) [Together we build the future! Address of the president of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan (Astana, 2011, 28 January)]. *online.zakon.kz*. Retrieved from https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30929724#pos=4;-106 [in Kazakh].
- 3 Qazaqstan Respublikasynda tilderdi damytu men qoldanudyn 2011–2020 zhyldarga arналған мемлекеттік бағдарламасы [The state program of development and use of languages in the Republic of Kazakhstan for 2011–2020]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1000001128> [in Kazakh].
- 4 Qazaqstan Respublikasy Bilim zhane gylm ministriginin saity [Website of Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan]. *gov.kz*. Retrieved from <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/activities/272?lang=kk> [in Kazakh].
- 5 Qazaqstan Respublikasy Strategiialyq zhosparlau zhane reformalar agenttigi Ultyq statistika biurosy [Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan]. *stat.gov.kz*. Retrieved from <https://stat.gov.kz/> [in Kazakh].
- 6 Pachler, N. (2002). Teaching modern foreign languages at advanced level. Routledge, 1 November. — 376 p.
- 7 Beisenbayeva, Z., Ualiev, N., Ismailova, Zh., Qanavekova, M., & Qaidarova, G. (2005). *Til madenieti [Language culture]*. Almaty [in Kazakh].
- 8 Beisenbaiqyzy, Z. (2007). *Soz madenietinin negizderi [Basics of speech culture]*. Almaty [in Kazakh].
- 9 Almetova, A. (2007). *Sukhbattasu madenieti [Conversational culture]*. Almaty: Tolagai [in Kazakh].
- 10 Alkebaeva, D. (2014). *Soz madenieti: oqu quraly [Word culture: textbook]*. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].
- 11 Abdulzhanova, Z. (2014). Auyzsha tildegi tildik birlikterdin qatysymdyq sipaty [Communicative nature of language units in oral language]. *Doctor's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 12 Aitmukhametova, Q. (2003). Institutsionaldy kommunikatsiia: dariger-nauqas (soz madenieti aspektisi) [Institutional communication: doctor-patient (aspect of speech culture)]. *Candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 13 Dauletbekova, Zh. (2007). *Soz madenietin oqytu: gylm men bilim togysynda [Teaching the culture of speech: at the intersection of science and education]*. Almaty: «RADIAL» baspasy [in Kazakh].
- 14 Qydyrshayev, A. (2001). Sheshendiktanudy oqytudyn gylmi-adistemelik negizderi (zhogary oqu oryndarynyn gumanitarlyq bolimderi boiynsha) [Scientific and methodological bases of teaching oratory (in the humanities of higher education)]. *Candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 15 Zhapbarov, A. (2004). Qazaq tilin oqytu arqyly til damytudyn adisnamalyk zhane adistemelik negizderi (V-IX synyp) [Methodological and methodological bases of language development through teaching the Kazakh language (grades V-IX)]. *Doctor's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 16 Qudaibergenova, M. (2010). 10-synyp oqushylarynyn soileu madenietin qalyptastyra oqytudyn adistemesi (qogamdyq-gumanitarlyq bagyty) [Methods of teaching the formation of speech culture of 10th grade students (social-humanitarian direction)]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Kokshetau [in Kazakh].

- 17 Azhigaliev, M. (2010). Zhogary oqu oryndarynda «Pedagogikalyq sheshendiktanu» kursyn oqytudyn adistemelik zhuesi [Methodological system of teaching the course «Pedagogical rhetoric» in higher education]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Kokshetau [in Kazakh].
- 18 Abilkhairova, Zh. (2010). Filolog-studentterdin til madenietin zhetildiru adistemesi [Methods of improving the language culture of students majoring in philology]. *Candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 19 Iginova, A. (2001). *Mektep oqushylarynyn soz madenieti [Speech culture of schoolchildren]*. Almaty [in Kazakh].
- 20 Chukenayeva, G. (2018). Lingvoekologiiany zhogary oqu oryndarynda oqytu adistemesi [Methods of teaching linguoecology in higher education]. *Doctor's thesis*. Taldyqorgan [in Kazakh].
- 21 Duisebekova, Zh.M. (2019). Auyzsha tildin zhuesi men qurylymyn mengertu arqyly filolog-studentterdin soz madenietin qalyptastyru adistemesi [Methods of formation of speech culture of philological students through the study of the system and structure of the spoken language]. *Doctor's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 22 Duisebekova, Zh. (2020). *Soz madenieti zhane pedagogikalyq diskurs [Speech culture and pedagogical discourse]*. Almaty: «Ziialy» baspasy [in Kazakh].

Букеетов университеті